

## **2024-2025 оқу жылындағы арнайы педагогтың**

### **қыркүйек айына жазған анықтамасы**

**Қазан айында арнайы педагог жылдық жоспарға сәйкес келесідей жұмыстар алгоритімін жүргізді:**

Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық (заңнама) базасымен қыркүйек-қазан айлары толықтай таныстым. Сабақ кестесіне сәйкес түзету жұмыстарын жүргізілді. Әдістемелік күндері және түзету жұмыстарының ортасында дидактикалық материалдардың қоржынын толықтырдым. Қазіргі кезде оқушылардың барлығы түрлі мессенджерлерге қызықандықтан АКТ арқылы пайдаланатын цифрлық технологиялармен таныстым, оқушыларға ұсындым. Соның арқасында оқушылардың танымдық процестерінде жақсы динамикалар байқала бастады. Қазан айында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың динамикада бақылау мақсатында сабақтарына үнемі қатыстым. Қажеттіліктеріне қарай ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың ата-аналарына кеңес бердім, ұсынылған кеңестерді «Ата-анаға кеңес беру журналына» тіркеп отырдым. Дәл сол алгоритім бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың мұғалімдеріне кеңес берілген болатын (жеке және бейімделген оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша, талқылау, талдау, олқылықтармен жұмыс). Өзін-өзі дамыту бағыты бойынша мақаланың жобалған түрін жаздым. Бірақ әлі басылымға берілмеді. Мектептегі ЕББҚ бар оқушыларды мектепшілік өткізілетін іс-шараларға дайындауға жәрдемдестім. («Мұғалімдер күні») Сонымен қатар ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстар жүргізілді:

1. Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс;
2. Көрнекі-дидактикалық материалдар дайындау;
3. Шебер сынып, семинарлар өткізу;
4. Әдістемелік құралдар дайындау, мақала жазу және т.б.;
5. Мұғалімдерге кеңес беру;
6. Ата-аналарға кеңес беру;
7. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сабақтарына қатысу.

**Арнайы педагог: А.К.Айнекбаева**